ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 6 (1331) 28-қыркүйек, 2004 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

●Елбасы қонақта

# ЭЛИТАРЛЫҚ МӘРТЕБЕ АЛУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

2004 жылдың 8 қыркүйегінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Чехия Республикасының Президенті В. Клаус ресми сапармен келді. Аса мәртебелі қонақтарды ҚР Білім және ғылым министрі Ж. Құлекеев, Алматы қаласының әкімі В.В. Храпунов және ҚазҰУ ректоры Т.Ә. Қожамқұлов қарсы алды. Мемлекет басшыларының біздің профессор-оқытушылар құрамы және студенттерімен кездесуі білім ордамыздың 70 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген іс-шаралардың қорытындысы болды.

3-бет



## ШӘКІРТ ЛЕБІЗІ

*Қымбатты Нұрсұлтан Әбішұлы!*

70 жылдығын атап өтіп отырған біздің университетімізге арнайы келіп, профессор-оқытушылар құрамы және студенттермен жүздесуіңіз біз үшін үлкен мәртебе, қуаныш және мәңгілік есте қалатын сәт. Сол үшін сізге зор ризашылығымызды білдіреміз.

Мен, Завьялова Марина, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті араб бөлімінің 4 курс студентімін. Бұл жоғарғы оқу орнында көптеген ұлттардың жастары тату-тәтті өмір сүріп, сапалы да терең білім алудамыз, заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман болып шығатынымызға сенімдіміз. Мен де осы білім ордасынан түлеп ұшып, университет қабырғасынан алған білімім мен ақыл-ойымды, тәлім-тәрбиемді Тәуелсіз елімізді көркейтуге жұмсаймын.

*Дорогой Нурсултан Абишевич!*

Для нас, студентов Казахского национального университета имени аль-Фараби, сегодня особый день. Вы и Президент Чешской Республики Вацлав Клаус заложили первый камень в фундамент нового здания Научной библиотеки КазНУ. Мы уверены, что она будет одной из лучших современных библиотек и центром научных знаний.

Наш университет уникален. Нам преподают лучшие педагоги страны, у нас прекрасная материальная база, спортивный комплекс, у нас есть свой Дворец студентов. Нам предоставлена возможность общения со сверстниками всего мира. КазНУ ежегодно посещают студенты лучших вузов Европы и Азии. А где только ни побывали мы! И все же со всей ответственностью говорим: “Мы счастливы тем, что являемся студентами самого лучшего и престижного университета страны”.

И это все дала нам наша страна, наш Казахстан, в котором мы родились и выросли, получаем образование и специальность.

Встречаясь со сверстниками не только из Узбекистана, Киргизии, России, но и стран дальнего зарубежья, мы часто слышим: “Вам повезло, у вас такой Президент!”.

И наше сердце переполняется радостью, и мы гордимся тем, что лидер и глава нашего государства — Вы, Нурсултан Абишевич.

Мы гордимся тем, что мы из Казахстана.

От имени студентов КазНУ им. аль-Фараби позвольте выразить Вам огромную благодарность за возможность жить в независимом государстве, спокойно и уверенно смотреть в будущее, мечтать и строить планы.

Спасибо Вам за все. Мы всегда будем с Вами и никогда Вас не подведем.

Нұр-аға, күндей жайнап тұр, аға!

**Марина ЗАВЬЯЛОВА**

БҮГІНГІ САНДА:

ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ — 2-бет



МАГИСТРАТУРАДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ — 4-бет

О ПРОШЛОМ И НАСТОЯЩЕМ — 6 стр.

ЗАЩИТИ СЕБЯ САМ — 7 стр.







## Ректорат

***2004 жылғы қыркүйек айының 14 жұлдызында өткен кезекті Ректорат мәжілісінде оқу ғимараттары мен жатақханалардың жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде Жалпы және өндірістік – шаруашылық мәселелер жөніндегі проректор С.Т.Шалғымбаевтың ақпары негізгі мәселе ретінде аталып өтті. Сонымен қатар, университеттегі еңбек қатынастары жүйесі туралы кадрлар бөлімінің бастығы М.Н.Нұрғазиннің және 2003-2004 оқу жылында студенттердің медициналық қызметпен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ, кешенді тексеру нәтижелері жөнінде бірінші терапия бөлімінің меңгерушісі К.Х. Есенованың хабарламасы тыңдалды.***

● *Обзор прессы*

# *Золотая осень в* КазГУграде

Главным событием сентября стал визит в КазНУ Президента Казахстана Н.А. Назарбаева и Президента Чешской Республики Вацлава Клауса. Первый камень, заложенный президентами Казахстана и Чехии в фундамент нового здания научной библиотеки КазНУ, и торжественное собрание во Дворце студентов, состоявшееся в честь высоких гостей, – эти события являются итоговым этапом юбилейных мероприятий.

О встрече президентов Казахстана и Чехии со студентами и преподавателями ведущего вуза страны, вручении мантии Почетного профессора КазНУ Вацлаву Клаусу и "юбилейном" подарке Нурсултана Назарбаева – 100 именных президентских премий для студентов университета – сообщали практически все средства массовой информации: **"Казахстан", "Казахское радио", "Хабар", "ЮСА", "31 канал" (08.09.04), "Рахат" (новости и аналитическая программа "Апталық шолу", 11.09.04), агентство "Казинформ", газеты "Егемен Қазақстан" (10.09.04), "Казахстанская правда", "Қазақстан-Заман", "Қазақ әдебиеті", "Жас Алаш", "Алматы ақшамы", "Экспресс К", "Литер", "Айқын" (09.09.04), "Вечерний Алматы" (11.09.04), "Наука и высшая школа Казахстана" (15.09.04).**

Информационно-аналитическая служба университета подготовила и опубликовала в газете **"Наука и высшая школа Казахстана" (01.09.04)** большую (на развороте) юбилейную статью – *"КазНУ им. аль-Фараби: начался восьмой десяток его истории".*

*"ҚазҰУ-дың өңі кірді»* – так отметила реставрацию на площади КазГУграда памятника великому ученому аль-Фараби газета **"Жас Алаш" (14.09. 04).**

Хотелось бы отметить активность выступлений КазНУ в СМИ. Новый учебный год только начинается, а выступления известных ученых нашего университета задают хороший тон в средствах массовой информации.

Газета **"Известия-Казахстан" (03.09.04)** опубликовала интервью *"Горе от ума, или Горе уму"* с первым проректором КазНУ профессором, доктором химических наук З.А. Мансуровым. Широкая читательская аудитория получила обстоятельный и очень компетентный комментарий ученого по вопросу о наличии в Казахстане серьезных научных разработок, которые можно успешно продвигать на международном рынке.

Два интервью с проректором по учебно-методической работе, профессором Ж.Д. Дадебаевым опубликовали на своих страницах газеты **"Алматы ақшамы" (18.09.04)** и **"Айқын" (10.09.04).** Первое интервью *"Сапалы білім арзан болмайды, арзан білім сапалы болмайды»* поднимает проблемы реформирования казахстанского образования, второе – *"Әдебиет әркімнің қалтасына салып жүретін малтасы емес»* – затрагивает современное состояние и развитие казахской литературы.

Со статьей *"Роль национальных университетов в реализации индустриально-инновационной политики РК»* выступил на страницах газеты **"Наука и высшая школа Казахстана" (01.09.04)** проректор по научной работе профессор, доктор физико-математических наук А.И. Купчишин. В ней говорится об успешных результатах реализации Стратегии индустриально-инновационного развития Казахстана учеными нашего университета.



Целую полосу газета **"Алматы ақшамы" (23.09.04)** посвящает профессору КазНУ Султану Сартаеву. Журналист Куттыбек Аймахан беседовал с известным ученым о его жизни и взглядах на актуальные вопросы современности *("Заңгер Сұлтан Сартаев»).*

О традиционной Школе активистов вузовских профсоюзов, прошедшей в конце нынешнего лета в спортивно-оздоровительном лагере КазНУ на побережье Иссык-Куля, написали газеты **"Казахстанская правда» (21.08.04), "Голос-Әділет» (№36-37, сентябрь 2004 г.), "Наука и высшая школа Казахстана» (15.09.04).** Она посвящалась 70-летию университета, и провел ее профсоюз КазНУ "Парасат".

Накануне важного события в политической жизни Казахстана – выборов в Мажилис Парламента, актуально прозвучала *статья "Елдік дәстүрімізге адалдық»* декана филологического факультета Кансеита Абдезулы в газете **"Алматы ақшамы" (14.09.04)**.

Если перейти к университетским мероприятиям, то в этом учебном году первым информационным поводом для приглашения СМИ явилась Международная научно-практическая конференция *"М. Әуезов және әлем әдебиеті» ("М. Ауэзов и мировая литература»),* которая традиционно проводится филологическим факультетом университета ко дню рождения классика казахской литературы. Об этом сообщали **агентство "Казинформ», "Казахское радио», РТРК "Казахстан», "31 канал»** и газеты **"Ана тілі» (23.09.04), "Қазақ әдебиеті» (24.09.04), "Қазақстан-Заман» (24.09.04), "Айқын» (24.09.04).**

**Пресс-служба КазНУ**

● *Конференция*

# ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ

23 қыркүйек күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық унверситетінің филология факультетінде заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің туған күні қарсаңында "М.Әуезов және әлем әдебиеті" деген тақырыпта халықаралық ғылыми теориялық конференция болып өтті.



М.Әуезовтің әдеби мұраларын, зертеу еңбектерін ғылыми тұрғыдан сараптауды мақсат еткен басқосуды филология факультетінің деканы Қансейіт Әбдезұлы ашты. Конференцияға Т.Кәкішұлы, С.Қасқабасов, Т.Тебегенов, Б.Майтанов және тағы басқа ғалымдар қатысып, мазмұнды баяндама жасады. Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасы, Түркия, Қырғызстан, Жапониядан осы дәстүрлі конференцияға арнайы келген ғалымдар өз елдерінде М.Әуезов мұраларының танылып, зерттелуі хақында тереңнен ой толғап, тыңдарман қауымды қызықтыра түсті.

**Бұл конференцияның бір ерекшелігі, "Абай жолы" эпопеясын қытай тіліне аударған Хакай мырза мен оның зайыбы Шуньфан ханымның осы маңызды басқосуда М.Әуезов хақында өз пікірлерін әсерлі етіп айтуы болды. "Абай жолының" Қытай оқырмандарымен қауышуы тек екі елдің достастығын емес, рухани түсіністігін де айқындайды.**

Күн өткен сайын әдебиетіміз биіктерден танылып, жаңарып, жаңғырып келеді. Асылы, бұл конференцияның халықаралық деңгейде өтуі біз үшін, бүкіл қалың қазақ үшін зор мақтаныш екені анық.

**Нұрмұхамед МАМЫРБЕКОВ**

● *ТАҒЗЫМ*

# Даналық бәйтерегі – Димекең

27 қыркүйек күні әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Жастар рухани орталығында Д.А.Қонаевтың мұражай-үйі ұжымы және осы орталықтың бастамасымен "Қонаев оқулары" атты жиын болып өтті.

Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыз, қазақ елінің тасын өрге домалатқан дара ұлдарының бірегейі, көрнекті қоғам қайраткері – Дінмұхамед Ахметұлы жайында айтылар әңгіме, шертілер сыр көп екені анық. Димекеңнің қызметтес достарының бірі – А.И.Горяйнов студент жастардың ортасына келіп, ірі тұлғаның қоғамдық-саяси, жеке өмірі жайындағы жарқын естеліктерімен бөлісті. Мұражайдан арнайы әкелінген әр бетінде тарихтың ізі бар суретті альбомдар студенттердің қызығушылығын арттыра түсті.

Жастарды рухани тәрбиемен сусындатып, жол көрсетіп жүретін университеттегі Жастар рухани орталығының жетекшісі Т.Жарқынбекованың ілтипатты сөздері Қонаевты тағы бір қырынан таныта түссе, кітапхананың көпшілікпен жұмыс жүргізу бөлімінің меңгерушісі Н.Малдыбаеваның ұйымдастырған кітап бұрышынан да біршама мәліметтер алуға болады.

Тағы бір айта кетерлігі, Д.А.Қонаевтың мұражай-үйінің қызметкерлері студенттерді мұражайға шақырып, алдағы уақытта да осындай іс-шараларға ұйытқы болуға тілек білдірді.

**ҚазҰУ-дің Баспасөз қызметі**

● *СЕМИНАР*

# Кәсіподақ басшылары бас қосты

22-25 тамыз күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдық мерейтойына орай "Парасат" кәсіподағының ұйымдастыруымен Ыстықкөлдегі спорттық-сауықтыру лагерінде кәсіподақ белсенділерінің мектебі жұмыс істеді.



Алматы қаласының жоғарғы оқу орындарының кәсіподақ басшылары мен облыстық, қалалық кәсіподақ ұйымдарының белсенділері қатысқан бұл жиынның мақсаты – жұмыс берушілердің алдында еңбеккерлердің мүддесін қорғаудың өзекті мәселелерін, қолданыстағы еңбек және зейнеткерлік туралы заңдарды талқылау, өзара тиімді байланыспен тәжірибе алмасу, кәсіподақ жұмысын жандандырудың тиімді бағыттарын анықтау болып табылады.

Семинар жұмысын кіріспе сөзбен ашқан "Парасат" кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 70 жылдық мерейтойы аясында өткізілген іс-шараларға тоқталды. Осыдан кейін сөз алған Байланыс саласы қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Глазкова Т.А., Алматы кәсіподақтар одағы төрағасының орынбасары Летникова К.А. ҚР "Еңбек туралы" заңы мен зейнеткерлік реформа жайында баяндама жасады. Осы мәселелерге байланысты жарыссөзге ҚР Денсаулық сақтау кәсіподағының (Ақтөбе филиалы) төрайымы Жазықова Л.К., АПК кәсіподағының бөлім бастығы Хасанов Т.Х., Алматы қаласының Мәдениет қызметкерлері кәсіподағының басшысы Курочкин В.Н., медицина қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Дәулетқалиев Б.М., Қазақ аграрлық университеті кәсіподағының төрайымы Жаппарова А.А., С.Асфендияров атындағы медицина университетінің кәсіподақ төрайымы Оразбаева Д.Ч. қатысып, жұмыс берушілер мен еңбеккерлер арасындағы өзекті мәселелерді талқылап, қолданыстағы "Еңбек және зейнеткерлік туралы" заңдар төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Жиын соңында кәсіподақ қызметкерлеріне арналған спорттық-сауықтыру ойындары өткізілді.

**Өз тілшімізден**

● *Встречи и визиты*

# По пути дальнейшего сотрудничества

22 сентября в алматинском офисе ЮНЕСКО состоялась встреча с заместителем генерального директора ЮНЕСКО господином Абдул Вахид Ханом и заведующим кафедрой ЮНЕСКО профессором Намазалы Омашевым.

Они обсудили перспективы развития кафедры в Центральной Азии по исследованию средств массовой информации и коммуникации, а также новый долгосрочный проект по дистанционному обучению региональных журналистов Казахстана. Существующий вебсайт Media.kz оказался востребованным. Однако теперь требования стали более высокими. Необходимо активнее использовать возможности интерактивного обучения, видеоконференции, тренинги, а для стимулирования обучаемых – выдавать сертификаты о прохождении обучения. Для преподавателей факультета – эта возможность размещения курсов лекций в электронном варианте на вебсайте.

В рамках этого мероприятия факультет журналистики КазНУ посетила руководитель отдела коммуникаций ЮНЕСКО азиатского региона Тарья Виртанен. Она убедилась в успешном функционировании кафедры ЮНЕСКО, а также в использовании студентами радиостудии и телестудии, оборудование которых было профинансировано этой организацией. В переговорах принимали участие также декан факультета журналистики Бауржан Жакып, заведующая кафедрой международной журналистики, профессор Галия Ибраева, представитель алматинского отделения ЮНЕСКО Сергей Карпов.

**Соб. корр.**

Басы 1-бетте.

Бұл күні білім мен ғылымның киелі мекені, жастық шақтың көктеміндей ҚазҰУ қалашығы мерекелік сән-салтанатымен көз тартып, екі ел Президенті мен өзге де ел ағаларының келуін тағатсыздана күткен студент жастар мен оқытушылар және университет қызметкерлерінің толқынды тобымен көріктене түсті. Университеттің 70 жылдық тойынан шашу ретінде көрсетілген 1000-нан аса студент қатысқан театрландырылған композициялық көрініске келген қонақтар қошеметпен қол соқты.



# ЭЛИТАРЛЫҚ МӘРТЕБЕ АЛУҒА МҮМКІНДІК МОЛ





Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Чехия Республикасының Президенті В. Клаус ҚазҰУ-дың болашақ Ғылыми кітапхана ғимаратының алғашқы кірпішін қалады. Бұл - қалашық құрылысының екінші кезеңі басталғанының белгісі.

Екі ел басшылары қайта өңделген әл-Фараби ескерткішін ашып, оған гүл шоқтарын қойды. Содан соң мәртебелі қонақтар Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ұстаздар мен студенттер қауымымен кездесті.

Салтанатты жиын мәртебелі қонақтардың құрметіне орындалған мемлекеттік әнұранмен ашылды. Бүкіл зал қосыла шырқаған құдіретті әуен елдік рухымызды асқақтатып сала берді. Сарабдал сана, сардар бітімді ел серкесін сахнадан көрген қауым "Нұр-аға, күндей жайнап тұр, аға!", "Елбасы! Ақиқаттың жолдасы!" деп ұрандатып, өздерінің қошеметке толы лебіздерін білдіріп жатты.

Кездесуді университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов жүргізіп отырды. Ұжым басшысы өзінің кіріспе сөзінде білім ордамыздың кешегі жүріп өткен жолына, бүгінгі тыныс-тіршілігіне жан-жақты тоқталып өтті. Елбасының университеттердің өсіп-өркендеуіне аса мән беріп, олардың болашағының жарқын болуына әрқашан қамқорлық жасап келе жатқанын астын сыза айтты.

Таяуда ғана Елбасының туған жері Үшқоңыр тауының баурайынан табылған 5 мың жылдық тарихы бар, ежелгі Сақ дәуірінен бері келе жатқан тастың зерттеліп, Қазақстан тарихының бір бүйірінен орын алуы

*Елбасының пікірінше, біздің елде де сапалы білім мен мәдени-рухани құндылықтарды қатар тоғыстыра білетін элитарлық жоғары оқу орнын қалыптастыру уақыты әлдеқашан жетті. Қуантарлығы сол, мемлекет басшысы осы тізімге ілігетін қазақстандық санаулы білім ордаларының ішінде біздің ұжымның мүмкіндіктері жоғары екенін атап өтті.*

да университет ғалымдарының елеулі еңбегі екені анық. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің деканы, ғалым Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы бұл жолы да өз саласының білгір маманы екенін дәлелдеп, өзі ұстаздық етіп жүрген білім ордасының қазыналы тарих қоржынына үлкен үлесін қосты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев ректор Т.Ә.Қожамқұлов ескерткіш-сыйлық ретінде ұсынған ел мен жер тарихының куәсіндей осы тасты ерекше тебіреніспен қабылдады.

- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейтойы ел өміріндегі үлкен оқиға,- деді Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде. — Осынау маңдайалды жоғары оқу орнында даярланып жатқан кәсіби біліктілігі жоғары мамандар қоғам өмірінің барлық саласында сұранысқа ие болып отыр. Бұл - университет ұжымының шәкірттер тәрбиелеудегі сапалық белгісінің айқын көрсеткіші.

Нұрсұлтан Әбішұлы университеттердің қоғамда алатын орнын жан-жақты саралай келе, олар өркениеті дамыған көптеген елдерде білім мен ғылымның ғана емес, сонымен бірге мәдени-рухани өмірдің де қырманын қыздырып отырғанына тоқталды. Әлемдік үздіктер санатынан табылатын Стенфорд, Гарвард секілді оқу ордаларын мысалға келтірді. Елбасының пікірінше, біздің елде де сапалы білім мен мәдени-рухани құндылықтарды қатар тоғыстыра білетін элитарлық жоғары оқу орнын қалыптастыру уақыты әлдеқашан жетті. Қуантарлығы сол, мемлекет басшысы осы тізімге ілігетін қазақстандық санаулы білім ордаларының ішінде біздің ұжымның мүмкіндіктері жоғары екенін атап өтті.



Нұрсұлтан Әбішұлының бұл сөзін залда отырған ұстаздар мен студенттер қауымы ұзақ ду қол шапалақтаумен қабылдады. Сондай-ақ, Елбасы университетіміздің 70 жылдық мерейтойы құрметіне тарту-таралғы ретінде оқуда үздік деп танылған студенттерге 100 арнайы шәкіртақы тағайындағанын жеткізді. Біздің ұжым Елбасы тарапынан көрсетілген бұл мәрттікті ертең берілер элитарлық оқу орны мәртебесінің сүйіншісі деп те қабылдап, жақсы ырымға балап жатты.

Осыдан соң мінбеге көтерілген Чехия Республикасының Президенті Вацлав Клаус өзіне көрсетілген құрмет пен ыстық ықылас үшін алғыс сезімін білдірді. Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың демократиялық институттарды қалыптастырудағы батыл қадамдарына, ел экономикасын өркендетуде жүргізіп отырған реформасына, қауіпті аймақ саналар Азия құрлығында орналасқан елдің бейбіт те тату өмірін сақтап отырған саяси біліктілігіне оң бағасын берді.

Вацлав Клаус — әлем танылған айтулы ғалымдардың бірі, ғылым мен білімнің өркендеуіне ат салысып келе жатқан тұлға. Осы күні мәртебелі қонаққа университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен "ҚазҰУ-дың құрметті профессоры" деген атақ беріліп, үстіне профессорлық мантия жабылды. Ол осындай атақтың өзінде бұрын да барлығын, әйтсе де Азия құрлығынан біріншi біздің елден алып тұрғанын айтып, жиналған қауым алдында қуанышын жасыра алмады. Сондай-ақ, ол болашақта біздің елге тағы бір қайтара ат басын бұрарын, бірақ ол жолы ҚазҰУ-дың профессоры ретінде арнайы келіп дәріс оқитынына уәде берді.





Чехия Республикасының Президенті өз сөзін аяқтай келе, қазақстандық жастармен болған кездесу елдің бүгінгі келбетінің келісті, болашағының кемел екендігін көрсетіп тұрғанын жеткізді. Алдағы уақытта да екі елдің дамуы параллельді бағыт ұстанып, іскерлік қарым-қатынастар, білім-ғылым саласындағы байланыстар жандана береріне сенім білдірді.

Ал, кездесу соңында сөз алған ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Яхия Әубәкіров пен шығыстану факультетінің 4 курс студенті, оқу озаты Марина Завьялова мәртебелі меймандарға деген лебіздерін ұстаздар мен шәкірттер қауымы атынан білдірді. Екеуі де елге тұтқа, ұлтқа бедел бола білген арқар төс, арыс кеуделі азаматқа барлық істе шешімтал әрекет, абырой-бедел тілеп жатты.

Салтанатты жиын университетіміздің Студенттер клубының күшімен ұйымдастырылған мерекелік концертпен жалғасып, келген қонақтар әсем ән мен тәтті күйдің әсеріне бөленді.

**Бекжан ТӨРЕБЕКҰЛЫ**

● *Сапалы серпіліс*

**Қазақстан Республикасының білім кеңістігіндегі жаңа бағыт-бағдарлар негізінен білім беру жүйесінің жоғары сатысына түбірлі өзгерістер енгізді. Соның бірі - магистратурада берілетін білім.**

**Республикада жаңа үлгідегі мектептер санының көбеюі және дарынды, талантты балалардың сарапталған лицей, колледждердегі аса білімді мұғалімдерден дәріс алып, мемлекеттік грант арқылы жоғары оқу орындарына түсуі жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінің де жаңаша ұйымдастырылуын талап етеді.**



# МАГИСТРАТУРАДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ

**К. ШАЙМЕРДЕНОВА,**
**жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті**

Магистратурада білімін екі жылға әрі қарай жалғастыратын магистранттар - негізінен ғылыммен шұғылданатын және жоғары оқу орындарына дәріс беретін болашақ оқытушылар.

Қазақстан Республикасының жоғары, арнаулы және жаңа үлгідегі оқу орындарына дәріс беру екі тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінде сабақ жүргізетін оқытушыларға сұраныс өте жоғары. Магистратурада болашақта өзі дәріс беретін ғылымынан терең білімді, елін, ұлтын, Отанын сүйетін, білім, ғылым мен еңбек әрекетін әлемдік деңгейде ұйымдастыруға ұмтылатын жоғары мәдениетті, мемлекеттік тілді таза меңгерген, педагогикалық іске бейім, педагогикалық жұмысқа қызығатын, ерекше жауапкершілікпен қарайтын, студенттермен қарым-қатынаста ізгі адамгершілік этикасын сақтайтын, сабақ жүргізу барысында жалпы топтың мүмкіндігімен санасатын, олардың тәжірибесіздігін, баландығын еске алып, (әсіресе, ауыл балаларын) барынша үйлесімді психологиялық раймен дәріс беру жолдарын меңгерген бүгінгі магистрант – ертеңгі оқытушылар даярланады. Педагогика пәнінен берілетін дәріс магистранттарды ғылымды зерттеу жолына және сабақты ғылыми негізде ұлттық сипатқа сай, әрі әлемдік деңгей талабына лайық дәрежеде жүргізуге машықтандырады.

Сабақ үрдісінде магистранттардың жеке басының білім алу кезеңдерінде өз болашағына тікелей әсер еткен ұстаздарының ерекше педагогикалық қасиеті ескеріліп, оны бүгінгі талап деңгейіне лайық етіп пайдалануға мүмкіндік жасалады. "Жас кезде алған тәлім – тасқа қашалған жазу" – деп халқымыз бекер айтпаса керек. Өйткені, игі қасиеттерді алғашқы ұстаздары жастар бойына ертерек ұялатады.

Нарық заңының талабына сай оқу орны мен магистрант талғамын есепке ала отырып, әрбір магистранттың болашағына қажетті білімді "өз білгенімізше емес", "студентке осынша білім қажет" дәрежесінде үйрету жауапкершілігін әрбір оқытушы есте ұстайды.

Магистранттарға негізінен оқытудың озық тәсілдері, тиімді оқыту технологиялары және оқытушының жеке тұлғалық және кәсіптік ерекшелігі, тіл мәдениеті, лекторлық шеберлік жайлы түсінік беріліп, педагогикалық практика барысында мұқият бақыланады.

Сондай-ақ, "Педагогика" арнайы курсы ұлттық дидактикамыздағы халқымыздың баланы бір нәрсеге үйрету, машықтандыру тәсілі және кеңестік дәуірдегі классикалық педагогиканың озық әдістері мен тәсіледері, жаңашылдар тәжірибесі сарапталып, қазіргі тиімді технологиялармен осы оқу орны ерекшелігіне лайықтап қолдану мүмкіндігі қарастырылады.

Педагогикада бұрынан келе жатқан қағида – терең білімді оқытушының сөзі қалайда студентке жетеді, әдіс-тәсілдердің қажеті қанша? – дейтін. Енді талап басқаша. Біз әр нәрсеге жіті қарайтын болсақ, терең білімді оқытушыны жақсы қабілеті бар студент қана түсіне алады. Көпшілігі шала түсінеді, сынақта төмен баға алады. Енді сол жақсы білімді оқытушыға келсек, ол оқытушы топтың барлық мүшесіне жеткізе алатындай оқытудың бір өзіндік тетігін ойластыруы керек. Ол үшін бұрынғы әдістер мен тәсілдерді басшылыққа ала отырып, сол топтың түсінуіне лайық жол табуы қажет. Әр нәрсенің өлшемі туған кезеңде, яғни тыныс – тіршілігіміз нарыққа көшкенде шала түсініктің нәтижесі де төмен болады. Олай болса, өзі сабақ жүргізетін топты біліммен толық қамтамасыз еткенде ғана оқытушы бүгінгі талапқа

**Педагогика пәнінен берілетін дәріс магистранттарды ғылымды зерттеу жолына және сабақты ғылыми негізде ұлттық сипатқа сай, әрі әлемдік деңгей талабына лайық дәрежеде жүргізуге машықтандырады.**

сай еңбек етеді. Сондықтан оқытушы өз іс-әрекетін жоғарылатып, нәтиже өте жоғары баға көрсеткішке жетсе, яғни студенттер тобының басым көпшілігі ең жоғары білім алуға мүмкіндігі болса, сонда ғана кредиттік технология талабына сай келеді. Нарық жағдайындағы талап осылай болғандықтан оқытушының өз білгенін өз деңгейінде ғана айтып өтуі лайықты емес. Алдында дәріс алып отырған барлық магистранттардың терең білімді түсінікті, қызықты қабылдауына және түрлі формадағы тәжірибе сабақтары олардың келешек өмірлік мұраттарына еркін пайдалануына мүмкіндігі болатындай болуы шарт.

Сондықтан, оқытудың жаңа тетігін меңгеру мынандай мақсат пен міндетті алға қояды: білім мазмұны нақты, тиянақты, түсінікті, уақыт талабына сай болуы; оның түсіндіру әдістері сан алуан болуы, қалайда қабылдауға жеңіл жолмен студенттің білімді еркін алуымен, өздігінен көбірек ізденіп, ізденіс нәтижесін өз көзқарасымен тұжырымдай алуға машықтандыру болмақшы. Жоғары оқу орнында білім нысанасы, деңгейі – студентің қабылдау деңгейімен де өлшенуі керек. Әңгіме ғалымдар өзінің ақыл-ойындағы білімін студентке жеткізе алу жолдарын да жан –жақты ойлануында. Яғни, Нені? Кімге? Қалай? жеткіземін деген сұрауға оқытушы бір мезгілде даяр болуы. Жоғары мектептің ең басты мақсаты – студенттердің толық, жоғары деңгейде білім алуы және білім өмірлік мұратына тікелей қажетті және қатысы болуы.

Бұл шағын мақалада "Педагогика" арнайы курсы арқылы берілетін кейбір әдіс-тәсілдерге тоқталып өтсек. Оның бірі –оқытудың интерактивтік әдістері. Бұл әдіс – студенттердің танымдық іс-әрекетін сабақта белсенді етуге негізделген әдіс. Бүгінгі күнде сабақты ұйымдастырудың 2 модулі қолданылып жүр, директивті және интерактивті. Интерактивті әдісте сабақ үстінде дискуссиялар болу мүмкіндігі іске асады. Лекция сабақтары аз, оның есесіне пратикалық сабақтар саны мол. Бұл әдіс магистранттар белсенділігін көтеріп, топ бойынша істелетін жұмыстарды молайтады. Семестр бойынша магистрант білімі бірнеше рет бақыланып отырады. Директивті әдісте көбіне дау туғызбайтын белгілі мәселелер сөз болатын болса, интерактивті әдісте магистранттар өз ойларын еркін айтып, бір-бірімен санасуларына мүмкіндік береді. Интерактивті әдіс студенттердің шығармашылықпен айналысуларына, әр нәрсеге өзіндік пікір қалыптастыруына жетелейді, өз пікірін өзі қорғап отыруға үйретеді.

Проблемалық сұрақ беру студенттің танымдық іс- әрекетін белсенді етеді. Сұрақтардың жай сұрақ, проблемалық сұрақ, жұмбақ сұрақ, негізгі сұрақ, қосымша сұрақ, риторикалық сұрақ, альтернативтік сұрақ т.б. түрлері бар. Сұрақтың дәріс барысында түрлендіріп берілуінің нәтижесі жоғары. "Сұрағына қарай жауабы" дегендей, кез келген сұрақ түрлері магистрантқа орнықты жауап іздеуде шешуші кілт болып табылады. Осы сұрақтарға жауап іздеу барысында магистрант бірталай танымдық белсенді әрекетке түседі.

Оқытуда бұрын қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің тиімді түрлері де жеткілікті. Ол оқытушының лекторлық шеберлігіне байланысты. Республикамызда, оның ішінде ҚазҰУ-де дәріс берген М. Әуезовтен бастап Т.Тәжібаев, М. Балақаев, З. Қабдолов, С. Зиманов, С.Сартаевтай қайраткер ғалымдар лекцияларын "Ашық кітап" деп айтуға болады.

Десек те, қай әдіс-тәсілді, қайсы бір технологияларды қолдануда аса жауапкершілікпен келмесе, ой бір жақта, әрекет бір жақта болып үйлеспеуі анық.

Нендей әдісті болса да үйлесімді қолдану магистранттың ақыл-ойын сол ғылымға сендіруге негізделеді. Ұлы ұстаз Абай сөзімен айтсақ "Ақыл сенбей сенбеңіз" немесе "Әрекетсіз, мехнатсыз табылмас ғылым сарасы" дегендей, оқытушы тарапынан да магистрант тарапынан да бірлескен тиімді әрекет қана жақсы нәтиже бермекші.

● *Тіл табиғаты*

# ПРОФЕССОР М. БАЛАҚАЕВТЫҢ БЕЛГІСІЗ ЕҢБЕКТЕРІ

Қазақ ұлттық университетінің тарихында өз орны бар ғалымның бірі — профессор М.Балақаев. Профессор М.Балақаев осы университеттің ашылғанынан бастап 30 жылдай кафедра меңгерушісі болып, 44 ғылым докторы мен кандидаттарын, қанша мұғалімдер дайындауға ат салысты. Қазіргі академиктер Ш.Сарыбаев, Ө.Айтбаев, М.Серғалиев, профессорлар Е.Жанпейісов, Б.Хасанов, Р.Әмір, осы мақаланың авторы Мәкеңнің шәкірттері.

Ғалымның қаламынан республикалық, жалпы түркологиялық дәрежеде қаншама оқулықтар жарық көрді. Оның көбісі өз тарапынан жазылса, енді біразы өз шәкірттерімен бірігіп, тіліміздің көп саласында еңбек бере білді.

Әрине, тілдің саласы да қазіргі кезде жетерлік. Біз осы кезге дейін М.Балақаев синтаксис маманы деп келдік. Сонымен М.Балақаев әдеби тіл, тіл мәдениеті, тіл тарихы, синтаксис салалары саласында ғана сөз болып келді. Ғалымның еңбектерін зерттеу барысында оның Ш.Сарыбаевтың библиографиялық көрсеткішінде, тіпті өзінің қолымен жазылған еңбектерінің тізімінде кездеспеген екі еңбегі табылды. Олар қазақ жазуы орыс графикасына өткен соң 1941 жылы жарыққа шыққан мектепке арналған "Қазақ тілінің грамматикасы" оқулығы (үшінші басылымы). Сонда бұл еңбектің алғашқы басылымдары қашан жазылғаны белгісіз. "Грамматика" деп аталатын орыс тілінің оқулығы қазақ тілінің 5-6 жоғары сынып оқушылары үшін жазылған. Біз осы бірінші еңбектің көтерген мәселесіне қысқаша тоқталмақпыз.

Ғалымның негізгі айналысқан саласы тілдің синтаксис жүйесі болғанмен, бұл еңбектің ішінде қысқа болса да нақтылығымен ғалымдардың көңілін аударатын синтаксис, фонетика, морфология бойынша материалдар берілген. Әрбір теориялық тұжырымдар нақты тілдік фактілермен дәлелденіп, мысалдармен, мәтіндермен жалғасып отырады. Қазақ графикасының кириллицаға ауысқан алғашқы жылдарында шыққан еңбектердің көпшілігі оқу-ағарту ісіне, практикалық мақсаттарға бағытталғаны баршаға аян. Сондықтан біз ғалымның фонетика саласы бойынша қарастырған мәселесіне бір-екі ауыз тоқталғанды жөн көрдік. Ғалым шағын еңбектің 19 бетін тілдің осы саласына арнапты. Бұл тектен-тек болмаса керек екені түсінікті.

Ғалым еңбегінде фонетиканы дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктеріне тоқталып, дыбыстарды жіктеудің негізі "сөйлеу мүшелерінің қимылдарында" екендігін атап көрсетеді. Дыбыс пен әріптің екеуі мүлдем екі басқа дүние екендігін түсіндіреді. Мысалы "я әрпі й+а дыбыстарының қосындысы есебінде, ю әрпі й+у дыбыстарының қосындысы есебінде жұмсалады" деп береді. Бұл әріптерді дыбыс деп қабылдамау керектігін ескертеді. Орфоэпия мәселесінде "бүгін, төртеу, жұмысшы, заводтан" деп жазылатын сөздердің айтылғанда "бүгүн, төртөу, жұмұшшы, завоттан" болатындығын ескертеді. Бұл сөздерде ерін үндестігі мен дыбыс үндестігі сақталатындығын меңзейді.

Қазіргі фонетика тұрғысынан қазақ тілінде у дыбысын бейнелейтін дауысты дыбыс тек орыс тілінен енген интернационалдық сөздерде ғана кездеседі де, қазақ тілінде жоқ дыбыс болып шығады. Қазақ тіліндегі дауысты әріп ретінде саналып жүрген у таңбасы екі түрлі реңкте (**ұу, үу**) жұмсалатындығын білеміз. Ғалым бұл мәселеден де шет қалмайды. Ол **у** әрпі тек таңба екендігін жазады. Оның айтылуда жуан немесе жіңішке болып жұмсалатындығына мысалдар келтіреді. Бұл мәселе қатарына и (немесе й) таңбасын да қосады. Осы тұрғыдан келгенде ғалымның мына бір көрегендігін атап өткен әбден дұрыс. Ол "**и** дыбысының жуаны **ый** түрінде жазылады" деп береді. Осы арқылы практикалық мақсаттардан келіп шыққан мәселені ғана емес, үлкен теориялық проблеманы қозғап отыр деп түсінуге болады.

Еріндік **ұ** мен **ү** дауыстылар сөздің екінші, үшінші буындарында **ы** мен **ұ**, **і** мен **ү** аралығында дүдәмал естілгендіктен бұл дыбыстардың орнына тиісінше **ы** мен **і** жазылатынын түсіндіреді. Мысалы, **үзүлүс** сөзі **үзіліс, құтұлу** сөзі **құтылу** болатынын жазады. Сөйтіп ерін үндестігінің жазылуда ескерілмеуі туралы өз ойын білдіреді.

Дауыссыз дыбыстардың жіктелуіне олардың жасалуы негіз болатынын айтады. Қазіргі тіл білімінде салдыр мен үннің арақатынасы тұрғысынан түсіндіріліп жүрген күрделі анықтаманы қарапайым сөзбен жеткізіп береді. Қатаң және ұяң дыбыстардың жұптасып келетіндігін атап өтеді. Дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстарсыз буын құрай алмайтындығын ескертеді. Бұлардың орфоэпиялық заңдылықтарды сақтауда маңызды екені белгілі.

Еңбекте үндестік заңы буын үндестігі және дыбыс үндестігі деп екіге бөлінеді. Қазақ сөздерінің негізі буын үндестігіне бағынатындығын көрсетеді. Басқа тілден сөздер мен қосымшалардың құрамында бұл заңға бағынбайтын тұлғалар бар екендігін, аралас буынды сөздерге қосымшалар сөздің соңғы буынының әуеніне қарай жалғанатынын атап өтеді. Ал дыбыс үндестігі өз ішінде ілгерінді және кейінді ықпал болып екіге бөлінеді. Ілгерінді ықпал туралы айтқан ойы, қазіргі фонетикада айтылып жүрген үндіден кейін үнді не ұяң, ұяңнан кейін ұяң, қатаңнан кейін қатаң келеді деген заңдылықпен сабақтасып жатыр. Кейінді ықпал бойынша айтылған практикалық анықтамаларды сараптай келе дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық жақтан үндесуі туралы теорияның негізі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Яғни дыбыстардың үн жағынан үндесуіне екі жағдайды, ал жасалуы жағынан үндесуіне үш түрлі жағдайды келтіреді. Біздің ойымызша бұл сол кездегі ең бір толық ережелер санатына жатады.

Міне, тілдің осындай қарапайым ережелері арқылы ғалым жалпы халықтың дыбыс жүйесі бойынша сауатын ашуға оң бағытта жұмыс істеген. Оның дауысты және дауыссыз дыбыстарды өз ішінде ерекшеліктері бойынша жіктеуі фонетиканың қағидаларымен сабақтасып жатқандығы бұл оқулықтың құндылығын арттыратыны сөзсіз.

**Т.САЙРАМБАЕВ,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор,**
**С.Ақымбек, филология ғылымдарының кандидаты**

Ойлап отырсаңыз, отыз жыл деген аз уақыт емес-ау. әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіде бес жыл бойы оқып, студенттік өмірдің ыстығына күйіп, суығына тоңып, құлын-тайдай тебісіп бірге жүрген достардың сол оқу орнын бітіргеніне де отыз жыл болып қалған екен. Солай болса да бәрі де күні кешегідей көз алдымызда. “Болар бала он бесінде баспын дер” дегендей, студент кезінде ойын-сауықтан гөрі білім қуған Бақытжан Майтанов, Тұрсын Жұртбаев, Намазалы Омашев сияқты курстастарымыз , “баяғыда-ақ” ғылым докторы болып алған, есімдері елімізге танымал ақын-жазушылар, ғалымдар. Намазалы өзіміз бітірген университеттің проректоры, “ЮНЕСКО профессоры”, “Халықаралық жыл адамы” атақтары бар. Оқуда да, еңбекте де көп ізденетін Жанболат Аупбаевымыз “Егемен Қазақстан” газетінің қазіргі бас редакторы. Республикалық ақындар айтысын ұйымдастырып, жүргізіп жүрген белгілі ақын Жүрсін Ермановты бүгін де білмейтін адам жоқ.



# ОТЫЗ ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ КЕЗДЕСУ



Дәмер ӘБІШ

Біздің кей ұстаздарымыз да “қожанасырлау”, ғажап адамдар еді. Сыншы ғалым, профессор Белгібай Шалабаев өзін мадақтағанды қатты ұнататын. Оның емтиханына дайындықсыз келген студенттер “Мен білетін бірінші мықты сыншы Белинский, екіншісі - сіз” десе, “е, бала біледі екенсің ғой” деп төрт не бесті қойып беретін. Профессор, ғылым кандидаты атағы бар жекелеген оқытушыларымыз өзімізбен бірге “сілтеп” жүре беретін. Тіпті кей біреуі кафеге апарып, өзі құятын. Біз таң қалатынбыз. Е, ол заман басқа еді ғой, басқа еді. Біздің оқытушыларымыз қазіргі жоғары оқу орындарының жекелеген оқытушылары сияқты емтихан кезінде де, басқа кезде де өздерінің ашқұрсақ студенттерінен ештеңе де дәметпейтін, баға қойып беру үшін біреулер арқылы астыртын пара сұрамайтын .Ұстаздарымыз құрдастарымыз сияқты әзілдеп, қалжыңдасып жүре беретін. Ғажап еді, бәрі де ғажап еді.

Енді міне, отыз жылдан кейін сол курстас достар сол университетімізде бас қостық. Бірбірімізбен төс соғыстырып, құшақтасып жатырмыз. Салтанатты кездесуді бес жыл бойы кураторымыз болған тарих ғылымының кандидаты, профессор Әбілфайыз Ыдырысов жүргізді. Бұл кісі еліміздің сыртқы істер министрі болған Ерлан Ыдырысовтың әкесі. Баяғыда сабақ берген кездерінде, әсіресе қыздарға қарап сөйлеген кездерінде жымыңдап, күлімсіреп отырушы еді. Зейнеткерлікке шығып, 70-тен асса да, дәл сол баяғыдай жымиып, күлімсіреп отыр. Осы Әбілфайыз ағамызды студент кезімізде бір алдап соққанымыз бар. Төртінші курсты бітіретін жылы мемлекеттік емтиханды беске тапсырған бір студентіміз қуанышын жуамын деп ішіп, айықтырғышқа түсіп қалады. Ол кезде айықтырғыш шара қолдануды сұрап, оқу орнына қатысты қағаз жіберетін. Студент үшін бұл үлкен қасірет. Төрт жыл бойы оқыған университетінен шағарып жіберу ғажап емес. Сол төртінші курсқа көшкенімізде декандыққа профессор Темірбек Қожакеев келген болатын. Бұл кісі өте қатал еді. Сонымен әлгі студентіміз төртінші курсты бітіріп, өз облысының облыстық газетіне төрт айға практикаға кетеді. Оқудан шығарып жіберген жоқ па екен деп алаңдаумен жүреді. Практикадан келсе, бәрі де тып-тыныш. Көңілі орнына түскендей болады. Бес айдан асқанда айықтырғыштан шара қолдануды сұраған қатынас қағаз келеді. Қожакеев оның мәселесін Әбілфайыз ағайға карауды тапсырады. Ол кісі студенттерді жинап, әлгінің мәселесін қарайды. Онда зәре жоқ.

- Пәленше студентіміз бес ай бұрын айықтырғышқа қонып шығыпты. Соған қандай шара қолданамыз? — дейді ағай.

Бір сәтке тым-тырыс тыныштық орнайды.

- Қане , кім не айтады? Қандай шара қолдануымыз керек? — дейді ағай екінші рет.

Осы сәт бір студент түрегеп:

- Ой, ағай, айықтырғышқа кім түспей жатыр. Милиция дегенің 100 грамм ішсең де алып кетеді. Сол үшін енді оқудан шығару қажет пе? Жатақханадан шығарайық,- дейді.

Сол сол-ақ екен, студенттердің бәрі жатақханадан шығарылсын,- деп шуылдасады. Ағамыз хаттамаға “жатақханадан шығарылсын” деп жазады да, аудиториядан шығып жүре береді. Ол кісі шыға салысымен-ақ студенттер мәселесі қаралған досын жатақханадан “шығарылумен” құттықтап, қарқылдап, мәз болып аудиторияны басына көтереді. Бұлай күлудің жөні де бар еді.

- Ертеңіне, - дейді әлгі айыпты студент, - деканаттың алдында тұрсам, Қожакеев пен Әбілфайыз ағай кездесіп қалады.

- Әбеке, әлгі ішкіш студентке қандай шара қолданатын болдыңдар?- деп сұрайды Темекең.

- Оны жатақханадан шығаратын болдық, - дейді Әбекең.

- Не дейт! — дейді Темекең. Жатақханадан шығарғаны қалай? Ол жатақханада тұрмайды ғой.

- Ә, солай ма еді. Онысын мен қайдан білейін. “Жатақханадан шығарылсын” деп бәрі өре шулады.

- Әй, құлар-ай,- дейді Темекең,- қатырған екен.

Бұдан кейін әлгі студентті ешкім де шақырмаған, ешқандай шара қолданбаған. Бұл жайды 30 жылдан кейін еске түсіріп, банкет үстінде қатырып тұрып айтып беріп, жұртты тағы бір күлдіріп алды.

Сол Әбілфайыз ағамыз президиумда жымыңдап, қасқайып отыр. Отыз жылдың ішінде бірқатар оқытушыларымыз, курстастарымыз бақилық болып кеткен екен. Әбекең сол аруақтарды бір сәт еске алу үшін орнымыздан тұрғызды. Сосын әрқайсымызды жеке-жеке тұрғызып, қандай қызмет атқаратынымызды, отбасы жағдайымызды қысқаша айтып беруімізді сұрады. Бұдан кейін университеттің бүгінгі жағдайы туралы әңгімелеп берді. Университет проректоры Намазалы Омашев курстастары атынан кездесуге қатысқан үш оқытушымызға шапан жапты.

Бұдан кейін той университет мейрамханасында жалғасты. Тост беру кезінде ешкімнің шен-шекпеніне, атақ-дәрежесіне қараған жоқ. Оған ешкім де ренжімеді. Алғашқы тост маған берілді. Сөйлегендердің бәрі де студент шақтан қызықты естеліктер айтып, әзіл-қалжыңмен тойдың сәнін келтірді. Әр тост сайын университет өнерпаздары ән шырқап, би билеп, күй төкті.

Ертеңіне тау ішіндегі “Алма-арасан” санаторийі жанындағы кафеге аттандық. Мұнда да біраз серуендедік. Қаражан Сердалин деген курстасымыз бизнеспен айналысады екен. Сол күні ол әйелдерімізсіз “мальчишник” ұйымдастырады. Мұнысы бильярдтан өткізілетін турнир екен. Бірінші орынға 300, екінші орынға 200, үшінші орынға 100 доллардан тігіпті. Ішіп-жеміне, бәріне 1000 доллар берген. Бірінші орынды Намазалы Омашев жеңіп алды. Ол ұтысының бәрін сонда барған курстастарына бөліп берді.

